

№17. Отбасы аясында
Құндылық:сүйіспеншілік
Қасиеттер:
мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық
10-сынып



Өзін - өзі тану пәнінің ережесі

5Т



T

- әртіп
- азалық
- алап
- ыныштық
- атулық



Дәйексөз:



«Отбасы-бақыт бастауы».

Халық нақылы

Дәптерге жазу.

1. Дәйексөздің мағынасын қалай түсіндіңіздер?
2. Отбасы бақыты дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Отбасының ынтымағы қандай табыстарға жеткізеді?



Әңгімелеу: Оқиға айту (Мұғалім сыйы)

Уақытыңды сатып алсам болады ма?

Арман жұмыстан үйге шаршап келгенде, есік алдынан 5 жасар баласы Ерден қарсы алады. Дереву “әке, сағатына қанша ақша табасыз?” деп сұрайды. Өзі де шаршап келген Арман ұлының сұрағына ашуланып “онда шаруаң болмасын” деп жауап қайтарады. Ұлы берілмей “айтыңызшы, білгім келеді” деп қайта сұрағанда, Арман ызаланып “2 мың теңге! ал не істейін деп едің!” дейді. Сонда Ерден “Маған 1 мың теңге қарыз ақша бере тұрасыз ба?” деп сұрайды. Арман одан әрі ашуланып, “Мен сенің онсыз да толып жатқан ойыншықтарыңа беретін ақшам жоқ. Мазамды ала бермей – бөлмеңе бар” дейді. Көзі жасаурап, Ерден еш жауап қайтармай бөлмесіне барады. Арманның ашуы басылар емес, “5 жасында болып ақша сұрауға қалайша дәті барды!”.

Бір сағат өтіп, ашуы басылғанда, Арман Ерденді босқа ренжіткенін, баланың ақшаны не үшін сұрағанын да білмейтінін ойлап, “мүмкін шынында қажет болып тұрған шығар”... деп, ұлының бөлмесіне кіреді. Төсекте жатқан Ерденге жақындап, “Ұйықтап жатсың ба” деп сұрайды. Баланың “Жоқ” дегенін естіп, “Сұраған мың теңгенді ала ғой. Саған ұрсып тастағаным үшін ренжіме. Жұмыстан шаршап келген едім”. Ерден төсегінен ұшып тұрып, “Әке, рахмет!” деп, әкесінің қолынан мың теңгені алып, жастықтың астынан мыжылған ақшаларды шығарады. Әкесіне жәутендеп қарап қойып, ақшаларды санай бастайды. Мұны көрген Арман қайта ашуланады, “Ақшаң болып тұрып неге менен сұрадың?... Сенің бала ойындарыңа уақытым жоқ” деп ұрыса бастайды. Сонда баласы “Иә, айдың басынан жинаған ақшам болды, бірақ олар жеткіліксіз еді” дейді да, ақшалардың бәрін уысқа жинап әкесіне созады – **“Міне 2 мың теңге... Әке, бір сағат уақытыңызды сатып алсам болады ма?...”**

СҰРАҚТАР:

1. Қалай ойласыздар әкесі тарапынан балаға шын мәнінде не жетпеді?
2. Әкесі баласына риясыз сүйіспеншілігін жүрегінен беру үшін не істеу керек еді?
3. Риясыз сүйіспеншілік отбасыдағы әке мен бала қарым-қатынасының негізі бола ма? Неге?
4. Қалай ойлайсыздар, осы әлемде барлығын не біріктіреді?
5. Өз тәжірибелеріңізден мысалдар келтіріңіз?



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

2-тапсырма. Отбасы туралы мақалдарды оқып шығыңыздар. Қазіргі уақытта мақалдардың қайсысы өзекті деп санайсыздар? Жауаптарыңызды нақты мысалмен дәйектеп айтыңыздар.

- «Сіз», «біз» – деген жылы сөз,
Ағайынға жарасар.
- Қарындасың – қарлығашың.
- Інісі бардың тынысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар.
- Ата – баланың қорғаны.
- Ананы сыйламаған,
ел қамын ойламаған.
- Ата – арым, ана – дәрім.
- Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
- Ердің анасы – елдің анасы.
- Бала – бауыр етің.
- Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры.



Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3]. Рахмет!
Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.

